

## Арқаның арда ұстазы

Бидайық аулының үлгілі кітапханасында Арқаның ардагері Жаманов Хамит Смайылұлы



жайлы «Арқаның арда ұстазы» атты танымдық сағат өткізілді. Оқу ағарту үздігі, Сарыарқаға еңбегі сіңген қарт ұстаздың жүріп өткен жолдары, еткен еңбектері, қоғамда жасаған қызметтері жайлы, жас жеткіншектерге, оқырмандарға қызықты да, танымдық ақпараттар берілді.

Ақынның түрлі тақырыптарда жазылған өлендері, ағарту жолында жасаған еңбектері яғни ел мен жер тарихына жазылған толғаныстары оқырмандарды ойландыра түскендей болды. Өлкемізден шыққан белгілі адамдар жайлы танымдық сағаттар кітапханада жиі өтіп тұрады.

Мақсатымыз, оқырмандар санасына өлкетану тарихын, онда өсіп - өнген танымал тұлғалар жайлы кеңінен насихаттау, жасөспірімдерді патриоттық рухта тәрбиелеу.

**А.Самаева,**

**Бидайық ауылдық үлгілі кітапханасының кітапханашысы**